

**THE ISSUES OF GEOGRAPHY AND TOURISM EXPERTS RAISING IN WOMEN'S
TEACHER TRAINING UNIVERSITY**

**ҚЫЗДАР УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТУРИЗМ МАМАНДАРЫН
ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Kulash N. MAMIROVA

Assoc. Prof. Dr., Kazakh State Women's Teacher Training University, mamirova_kulash@mail.ru

ABSTRACT

The article deals with problems of formation of professional competence of the future professionals Geography and Tourism Department. For example, the specialty "Geography" and "Tourism" are characterized by instrumental, interpersonal, systemic and subject competence of students and undergraduates. At the same time, the article presents the experience of practical activities of Geography and Tourism Department, the result of which is the professional competence of students.

Keyword: Tourism, Geography

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада болашақ мамандардың география және туризм кафедрасының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру проблемалары қарастырылады. Мысалы, «География» және «Туризм» мамандықтары студенттер мен магистранттардың аспаптық, тұлғааралық, жүйелік және пәндік құзыреттілікпен сипатталады. Сонымен қатар, мақалада география және туризм кафедрасының практикалық жұмыс тәжірибесі келтірілген, оның нәтижесі студенттердің кәсіби біліктілігі болып табылады.

Кілт сөздер: Туризм, география

72 жылдық тарихы бар «География және туризм кафедрасы» - еліміздің қоғамдық өмірі, жалпы оқу ағарту саласының қалыптасуы мен дамуы кезеңдерінің куәсі. Ұлағатты ұстаздардың даналығы мен жастардың жалынды істерін, білім мен ғылымға деген ізденісі мен құштарлығын бойына сіңірген, таусылмас білім ордасы - «География және туризм кафедрасы» мамандар дайындауға зор үлесін қосты.

Өткен тарихи кезеңдер ішінде кафедра республика мектептері үшін бірнеше мыңнан аса география пәнінің мұғалімдерін дайындап шығарды. Бүгінде кафедра түлектерін кең байтақ республикамыздың әр шалғайынан кездестіруге болады. Сондай-ақ, кафедрадан білім алған түлектер қазіргі кезде көршілес Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Қытай, Түркия, Моңғолия және т.б. елдерде табысты еңбек етуде. География және туризм кафедрасының түлектері негізінен орта және жоғары білім алу жүйесінде мемлекеттің ғылыми-зерттеу кеңселерінде, алыс және жақын шет елдерде жұмыс істейді.

Қасиетті қарашаңырақ тарихының әрбір кірпіші белгілі ғалымдар-оқытушылардың шығармашылық талмас қайраты мен күнделікті еңбегінің арқасында қаланған. География кафедрасы ұзақ жылдар бойы білікті педагог-кадрлар дайындауда қомақты үлес қосып келе жатқан, ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлесімді жүргізіп, университетіміздің ғылыми әлеуетінің жоғары деңгейден көрінуіне ат салысып отырған, жетекші кафедраларының бірі болып саналады.

География кафедрасы қазақша географиялық терминдерді қалыптастыру ісін бастаушылардың бірі ретінде танымал. Өткен ғасырдың 50–60-шы жылдары Қазақ ССР

Ғылым академиясының Тіл білімі институты қазақша ғылыми салалық терминдер сөздігін жасаудың ұйытқысы болды. География кафедрасы оқытушыларының тұңғыш орысша-қазақша географиялық терминдер сөздігін құрастырудағы еңбектері ұшан-теңіз.

1945 жылдан бастап 1980 жылдар аралығында география кафедрасында зерттеу жұмыстарын Қазақ География Қоғамымен тығыз қарым-қатынаста жүргізді. География Қоғамы өз мәжілістерін Қыздар институтында өткізетін. Мәжілістерде география кафедрасы оқытушыларының қатынасуымен басқару, ұйымдастыру, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарына байланысты көптеген мәселелер шешілетін.

Кафедра мүшелері тұңғыш Қазақ Совет энциклопедиясы, «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, қысқаша Қазақ Совет энциклопедиясы, Алматы т.б. энциклопедиялық басылымдарды дайындауға үлкен үлес қосты.

География кафедрасының стратегиялық мақсаты: кафедраның ғылыми-әдістемелік деңгейін бәсекеге қабілетті ету, кадрлық әлеуеттің жоғарылату және студенттердің білім сапасын көтеру.

Кафедраның миссиясы: әлемдік және ішкі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, азаматтық ұстанымы жоғары мамандарды даярлау; білім, ғылым және инновациялардың кірігуіне қолайлы жағдайларды туғызу; мемлекетте туындаған мәселелерді ұтымды шеше отырып, ұлттық дәстүрді сақтайтын тұлғаларды дайындау.

Білім ордасының құрылған алғашқы күнінен бастап-ақ есімдері елге белгілі көрнекті ғалымдар кафедраның көркеюіне өз үлестерін қосты. Тарих қойнауына көз жіберсек кафедрада мынадай ардақты азаматтар қызмет етті: а/ш ғ.к., доцент Н.Баяндин, г.ғ.к., доцент Ғ.Қонқашбаев, г.ғ.к., профессор А.Г.Поползин, г.ғ.к., профессор Ә.Б.Бірмағамбетов, геолог/минерал.ғ.к., доцент Р.Машанова, г.ғ.к., доцент К.Б.Ахмедова және т.б.

Кафедраның профессор – оқытушылар құрамы 72 жылдың ішінде елеулі жетістіктер мен нәтижелерге жетті. Профессор Ә.Б. Бірмағамбетов мектепке арналған 3-сынып «Табиғаттану», 4 сынып - «Дүниетану», 6 сынып - «Физикалық география» тәл оқулықтарымен және басқа да ғылыми еңбектерін жазды. Жоғары оқу орындарына арналған «Қазақстанның физикалық географиясы», «Географиялық атаулардың сыры», «Саяхаттар және географиялық ашылулар», «Географиялық сөздік», «Қазақстан табиғатын зерттеудің негізгі кезендері» және т.б. оқу құралдары жарық көрді. Сонымен қатар, Ә.Бірмағамбетов 12 томдық Қазақ ССР энциклопедиясы, қысқаша Қазақ ССР энциклопедиясы, балалар энциклопедиясы, «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы мақалаларының авторы.

География және туризм кафедрасының меңгерушісі, профессор м.а., К.Н.Мамированың 5В011600-География мамандығының студенттеріне арналған «Методика преподавания географии», «Развитие географического образования в Казахстане», «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» электрондық мультимедиялық білім беру бағдарламасы, «Геоэкология и охрана природы», «Физическая география Казахстана» оқу құралдары жарық көрді. К.Н.Мамирова жалпы білім беретін мектепке арналған география пәнінің Стандарты, тұжырымдамасы мен 6-11 сыныптары оқу бағдарламасының, 6-сынып «Физикалық география» оқулығының және оның оқу әдістемелік кешенінің авторларының бірі. Оның «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы», «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы», «Қазіргі дүние географиясы» (9,10,11 сыныптары) әдістемелік құралдары 4 рет өңделіп баспадан шықты. «География в школах и вузах Казахстана» ғылыми – әдістемелік журналының редакциялық алқасының мүшесі.

Н.Н.Карменова «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» 9 сынып оқулығы авторларының бірі. Сонымен қатар, «Қазақстанның облыстар географиясы», «ТМД-ның экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқу құралдарының авторы. «География және табиғат» журналының редакциялық алқасының мүшесі.

К.А.Тлеубергенова - «Географияны оқытуда қолданылатын құралдар», «География пәнінің көрнекіліктері», «Географияны оқытудағы қолдан жасалатын құралдар», «Өндірістің техникалық-экономикалық негіздерінен жүргізілетін зертханалық жұмыстар», «Материалдық өндірістің техникалық-экономикалық негіздері» атты студенттерге арналған оқу құралдарының авторы.

Сондай – ақ, «География және туризм» кафедрасының жетістіктері бұқаралық ақпараттық құралдарында, яғни, Қазақстан телеарнасының «Таншолпан» бағдарламасында, Қазақстан – Орал телеарнасында, Қазақ радиосының «Білім көкжиегі» бағдарламасында, Kaznews бағдарламасының «Оқулық – білім тірегі» бөлімінде жарияланды.

Кафедраның студенттері де ғылым мен білім аясында өз жетістіктерін көрсетуде. 2015 жылы Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің VII Республикалық пәндік олимпиадасында (Орал қ.) 5B011600 - География мамандығы бойынша командалық есепте географтар II орын иеленді. 2016 жылғы VIII Республикалық география пәнінің олимпиадасында студенттіміз А.Қайрова бірінші орынға ие болды. Республикалық студенттер ғылыми - зерттеу жұмыстарының (ғылыми жобалар) конкурс нәтижесінде кафедра студенті А.Текешева 3 орын алды [1].

Қазақстанның әлемдік үрдістерге кірігуі, дамыған елдермен қарым-қатынасының нығаюы еліміздің жаңа сапалық деңгейге көшуін көрсетеді. Қазіргі заманның білім беру жүйесінде кең ауқымды ойлай білетін жанашыл мұғалімдерсіз жаңа ұрпақ қалыптаспайды.

Сондықтан да біз дүниежүзіне әйгілі «құзыреттілік оқыту» деген ұғымға бет бұрудамыз. Жалпы алғанда қабілеттік пен құзыреттілік ұғымдарын өзара айшықтап бөлу оңай емес. Ғалымдарының зерттеулерінде қабілеттілік пен құзыреттілікке мынадай сипаттамалар берілген: қабілеттілік – қойылған мақсатты іске асыруға жетелей тұғын белгілі бір дағдыларды қолдану. Құзыреттілік – бұл (алдын-ала дайындықсыз) қандай болса да жағдаятты бағалай алу және соған сәйкес азды-көпті әрекет етуге мүмкіндік беретін қабілеттіктер. Мысалы оқыту процесін алатын болсақ және құзыреттілікті операция ретінде қарастырсақ, жеке тұлғаның оқытуға құзыреттілігі бар деп айта аламыз, яғни нақты іс-әрекетті студент алдын-ала дайындықсыз-ақ орындай алатындығы көрінеді. Студент бұл құзыреттілікті іске асыру үшін бір топ қабілеттіктерді белсендіруі тиіс, мысалы танымдық сферада (сөзді қабылдау қабілетіне ие болу), психомоторлық сферада (зейінді белгілі бір бағытқа сай ұстап тұру немесе оны тез-тез ауыстыру), әлеуметтік мінез-құлықтық сферада (өзін өзгелерден айыра білу, өзгелердің сұрағын қабылдай алу). Оқу құзыреттілігі – белгілі бір іс-әрекетте барлық қабілеттіктердің көмегімен іске асырылады.

Осы жоғарыдағы айтылғандарға байланысты болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін және Университеттің стратегиялық жоспарын іске асыру бағытында география кафедрасында келесідей іс- шаралар атқарылып жатыр:

- жаңа 2016 - 2017 оқу жылына арналған 5B011600 - География, 5B060900-География, 5B090200 - Туризм және 6M060900 – География (магистратура) мамандықтарына қазақ және орыс тілдерінде жұмыс оқу жоспарлары, оқу спецификациялары және элективті пәндер каталогтары дайындалды. Барлық аталған мамандықтар бойынша академиялық дәрежелеріне сәйкес студенттердің білімі, біліктілігі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптар келесідей болып белгіленді:

- ғылыми теориялар мен заңдылықтарды, ұғымдар мен түсініктерді толық меңгеру;
- қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды меңгеру және ғылыми ақпаратты қолдана білу, сараптау және болжау әдістерін жетік меңгеру;
- ғылыми және практикалық мәселелерді шеше білу; таңдап алған мамандық бойынша ғылыми - зерттеу және эксперименттік іс-әрекеттерді жоспарлау және жүргізе білу;

- ғылыми проблемаларды шешу үшін кез-келген жағдайда білім мен құзыреттіліктерді қолдана білу;
- инновациялық іс-әрекеттерді пайдалану; ғылыми жұмыстар нәтижелерінің қисынды аргументтерін шығара білу, алынған тәжірибелік мәліметтерді іске асыра білу;
- зерттеу объектісі мен құбылыстардың ерекшеліктерін анықтай білу;
- географиялық ақпаратты жүйелі қолдана білу және онымен жұмыс жасауды ұйымдастыра білу;
- табиғи және әлеуметтік - экономикалық құбылыстардың тақырыптық-картографиялық үлгілерін жасай білу ;
- заманауи географияның өзекті мәселелерін шешуге қабілетті болу; ғылыми ақпараттық ізденіс, ғылыми нәтижені құру және реттеу;
- табиғат пен әлеуметтік саланы зерттеудің картографиялық, геоэкологиялық, геохимиялық, статистикалық, математикалық әдістерін қолдану білу [2].

Кафедраның оқу бағдарламаларына сәйкес бакалавр мен магистрлерді дайындау үшін бітірушілерге келесідей құзыреттіліктерді меңгеруге талаптар қойып отырмыз, яғни:

Құралдық құзыреттілік:

- қолданбалы зерттеулер мен практикалық іс-әрекеттерде іргелі білімдерді қолдана білу; физикалық-географиялық, экономикалық-географиялық және туризм менеджменті мәселелерінде - аталған ғылымдардың заңдылықтарын, ұғымдары мен түсініктерінің мән-мағыналарын анықтай білу, талдау, негіздеу және болжай білу;
- әртүрлі ақпарат көздерінен деректерді тауып, сараптама жасай білу. Ғылыми ақпараттарды жүйелеу, талдау және қорытындылау; табиғи және аумақтық, әлеуметтік –экономикалық, шаруашылық жүйелердің орналасуы мен даму динамикасын анықтай білу; қоршаған ортаны тиімді пайдалану және қорғау мәселелерін іске асыра білу;
- топографиялық және геодезиялық деректердің негізінде ГАЖ технологияларын пайдаланып, географиялық карталар мен картографиялық өнімдерін жасай алу; картографиялық өнімдерден қажетті ақпараттарды ала білу. Шет тілін толық меңгеру және алған білімін практикада пайдалану үшін кәсіби құзыреттілігін жетілдіру керек.

Тұлғааралық құзыреттілік:

- толеранттық негізде тұлғааралық қатынастарға қабілетті болу; әлеуметтік ортаға, өзіне және басқаларға сын тұрғысынан қарау; жеке тұлғаның жеке қасиеттерін дамыту; өмірдегі кез-келген жағдайларға дайын болу үшін әр түрлі қабілеттіліктерді таныта білу;
- кәсіби дағдыларды дамытуға дайын болу; ұйымдастыру және басқару іс-әрекетінде теориялық білімдерімен тәжірибелік дағдыларды қолдана білу; ұжымды басқару және келісімдік қатынастарды орнату үшін тұлғаның психологиясын білу;
- сын тұрғысынан талдау дағдыларын меңгеру, өз пікірімен аргументтік қорғанысты орната білу, оппоненттердің көзқарасын сыйлау және түсіне білуге қабілетті болу; әртүрлі әлеуметтік тұлғалық мәселелерді шеше білу; өз-өзін жетілдіру қабілетілігі, өз бетінше шығармашылық білімдерді меңгеру дағдылары; топтық ортада жұмыс істей білу және ұжымда өзара көмек беру.

Жүйелілік құзыреттілік:

- жүйелілік талдау негізінде жүйелік - құрылымдық әдістерді жалпы және жеке географиялық мәселелерде шешу үшін білім - білік дағдыларды қолдана білу; география ғылымның негізгі ұғымдары, терминдері мен категорияларын табиғат пен қоғамның даму

зандылықтарын түсіну үшін қолдана білу; табиғи кешендердің негізгі компоненттерінің құрылымын, жасын, генезисін білу;

- күрделі географиялық құбылыстарды жүйе ретінде қабылдау; жүйелік талдауға сәйкес теориялық білімдерді көрсете білу; қолданбалы міндеттерді шешу үшін теория және практикада қолдана білу;

- Қазақстан экономикасының дамуының өзекті мәселелерін білу; өз қабілеттілігімен іс-әрекеттер нәтижесін бағалай білу; әртүрлі географиялық жүйелер құрылымындағы өзгерістерді айқындай білу қабілеттілігі.

Пәндік құзыреттілік:

- литосфера, гидросфера, атмосфера және биосфераның негізгі заңдылықтары мен байланыстарын, ғаламшар геожүйелерінің негізгі зоналық - аймақтық ерекшеліктерін білу. Адамның антропогендік іс-әрекетінің түрлеріне талдау жасау және олардың табиғи ландшафттарға әсерін анықтай білу. Адам іс-әрекетінің нәтижесінде геожүйелерде пайда болған өзгерістерді айқындау және антропогендік мәселелерді жіктей білу. Қоршаған ортадағы өзгерістерді талдай отырып, ландшафт трансформациясын анықтап, табиғатты қорғауды жоспарлау және әртүрлі деңгейде мониторинг жасай білу;

- табиғат пен қоғамның тұрақты дамуының негізгі принциптерін кәсіби іс-әрекетте қолдана білу. Мемлекеттер мен аймақтардың саяси жағдайын талдау барысында электоралдық географияның әдістерін географиялық кеңістік контекстінде қолдана білу. Әртүрлі мемлекеттер мен континенттердегі саяси жағдайларды жетік білу үшін әлеуметтік, экономикалық, электоралдық географиядан құзыретті болу;

- табиғи, әлеуметтік, экономикалық және саяси құбылыстармен процесстерді теориялық тұрғыдан талдау мен болжауды білу. Меңгеруге тиісті пәндердің циклі бойынша мәселелерді шешуге арналған әртүрлі бағыттарды қамту. Ғылымның өзекті мәселелері және жалпы географиялық бағыттарына сәйкес көпнұсқаулы болжамдар және сараптамалық зерттеулер жүргізу дағдыларын меңгере білу [3].

Осы айтылғандарға сәйкес соңғы жылдары география және туризм кафедрасы университет ішінде өткен рейтинг нәтижелері бойынша үшінші және алтыншы орындарға ие болды. Рейтинг нәтижелері бойынша кейінгі бес жылда университет профессорларының ішінде профессорлар Ә.Б.Бірмағамбетов - 5орын, Н.Н.Карменова - 9 орын, доценттер ішінде К.Н.Мамирова – 1 және 2 орын, аға оқытушылар мен оқытушылар ішінде Х.Н.Кобегенова, Л.Ш.Қиясова, Е.А.Тулегеновтар жүлделі орындарға ие болды.

П.ғ.к., профессор м.а. К.Н. Мамирова Білім және Ғылым министрлігі тарапынан Қазақстан Республикасы Педагогика Ғылымдар Академиясының Стратегиялық даму институты құрамында «Научно методические основы формирования содержания школьных учебников в 12-летней школе» атты ғылыми жобасына жетекші орындаушысы болып қатысты.

Қорытындылай келе, кафедра білікті мамандар дайындау мақсатында, болашаққа келесідей міндеттер қойып отыр:

- ✓ алдыңғы қатарлы кафедра болу үшін іргелі ғылым және педагогикалық инновацияларды пайдалана отырып, білікті географ мамандары мен туризм менеджерлерін дайындау;
- ✓ Болон процесінің талаптарына сәйкес кредиттік технология бойынша академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында студенттер мен магистранттарды халықаралық көлемінде тағылымдамадан өткізуді жетілдіру қажет;
- ✓ оқытушылардың біліктілігін арттыру мақсатында халықаралық және республикалық семинарлар мен тренингтерге қатысу;

- ✓ әр түрлі инновациялық технологияларды енгізіп, студенттердің интеллектуалдық әлеуетін дамытып, бәсекелестікке сай саналы, білімді, жан-жақты үйлесімді білікті мамандарды қалыптастыру;
- ✓ болашақ мамандардың біліктілігін жан-жақты жетілдіру үшін оқытушыларды үш тілдік бағдарламаға сәйкес өтетін арнайы курстарға қатыстырып, ғылыми-практикалық тәжірибелерден өткізу қажет;
- ✓ студенттер мен магистранттарды отан сүйгіштікке баулу, олардың адамгершілік қасиеттерін, қалыптастыру. Ұлттық және әлемдік мәдени құндылықтарды меңгертіп, рухани-мәдени, парасаттылық пен инабаттылыққа тәрбиелеу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Мамирова К.Н. Образовательная, научно-инновационная и социальная деятельность кафедры географии Казахского государственного женского педагогического университета. Ж. География и экология 21 века. № 6,2013.

2.Мамирова К.Н. Преимущество содержания среднего и высшего образования в Казахстане (на примере географического образования). Bulletin Eurotalent-fidjip.volume 5.2013 «Известия ЕВРО ТАЛАНТ-ФИДЖИП», Семинар Международной академии КОНКОРД (декабрь 2013, Париж-Брюссель-Страсбург-Женева).

3.Мамирова К.Н. және т.б. География пәнінің стандартына сәйкес картографиялық және геоақпараттық мазмұндық материалдарды пайдалану. Ұлттық біліктілік жүйесі мен кәсіби стандарттар негізінде білім мазмұнын жобалау.ҚР Білім және ғылым министрлігі қазақ мемлекеттік қыздар пед.университетінің базасындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі секциясы.А.2014.

Қоғам өркендеп, мемлекетіміз дамығанымен тәні сау, жаны азған жастардың көбеюі ата-ана, мектеп тәрбиесінің кемістігінің айғағы. Жас ұрпақ жанұя тәрбиесінен бастау алып, одан әрі мектеп тәрбиесімен жалғасады. Сондықтан білім берудің мектепке дейінгі, бастауыш, орта, жоғарғы оқу орындарында саналы жастарды тәрбиелеу, оларға дұрыс бағыт-бағдар беру қалыптасуы тиіс. Осыған орай, білім беру мекемелерінде тәрбие берудің жаңа әдіс-тәсілдері мен ұйымдастыру, басқару, басшылық жасау жұмыстары қарастырылып, тәрбие бағытының жан-жақты салалары қамтылуда. Әсіресе, жас ұрпақтың тәрбиесінде негізгі орын алатын мектеп тәрбие жұмысы жүйесінің дұрыс жасалуы, нақты, қажетті бағытта ұйымдастырылуы, оған сауатты, тәрбиелі, іскер, қабілетті мамандардың басшылық жасауы, мектеп тәрбие жұмысын басқару қызметінің ерекшелігін арттырады.

Еліміз өркениетті елдер қатарына жататын әлемдік деңгейдегі ел болады десек, өз ұлтымызды, елімізді, тілімізді, салт-санамызды ардақтайтын, асыл қасиеттерімізді құрметтейтін, тәрбиелі, саналы ұрпақтардың өсіп жетілуіне басты назар аударуымыз керек.

Осыған орай білім беруді жаңғырту аясында тәрбие жұмысы азаматтық мінез-құлықты, ізгілікті, әлеуметтік мақұлданған құндылықтары мен үлгілерін қалыптастыру мен қабылдаудың арнайы ұйымдастырылған үрдісі болуға тиіс. Қазақстан Республикасында білім беруді 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасында тәрбие мазмұнын жаңартудың негізгі бағыттары белгіленген. Олардың ең бастысы-мектептерде демократиялық тыныс-тіршілік салтын қалыптастыру, тұлғаның өзін-өзі дамыту, оның өзін-өзі тану және өзін-өзі анықтап алу үрдісіне педагогикалық қолдау көрсету құралдары мен нысандарын іздестіру, әртүрлі

жетілдіруші балалар бірлестіктерінің пайда болуына жағдай жасау, мектептен тыс білім беретін және білім бермейтін мекемелермен тығыз байланысты дамыту болып табылады. Осы міндеттерді мектеп деңгейінде іске асыру мектепті ізгілікті тәрбиелеу жүйесі ретінде қалыптастыру мен дамытуға бағытталған жүйеде жүргізуді талап етеді. Бұл, егер осы міндеттер мектеп әкімшілігінің, ең алдымен тәрбие жұмысын басқарудағы басшыларының қызмет басымдықтарының бірі болса ғана жүзеге асырылады.

Мектеп тәрбие жұмысын басқарушы тұлғалар өз қызметтерінде жұмысқа кіріспес бұрын мектеп тәрбие жүйесінің мақсатты бағдарламасын алдын-ала болжап, көз алдына елестетуі тиіс. Осы бағдарлама негізінде мектеп оқушыларын тәрбиелеудің негізгі мақсаттары мен міндеттері айқындалады. Мектеп оқушыларын тәрбиелеудің міндеттері мен мақсаттарын айқындауда, сондай-ақ мектеп тәрбие жұмысын ұйымдастыруда білім саласындағы мемлекеттік саясат мақсаттары басты бағдарлар болып табылады. Олар тәрбие бағытындағы негізгі құжаттарда айқындалған. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Қазақстандағы тәрбие берудің кешенді бағдарламасы», «Бала құқығын қорғау» Заңы, «Бала құқығын қорғау Конвенциясы» құжаттарды мұқият талдау арқылы мектеп оқушыларының тәрбиесіне мемлекет ұсынған талаптарды қалыптастыруға болады. Атап айтсақ;

1. Мектеп тәрбие жұмысының жүйесі оқушылардың жан-жақты дамуына бағытталуы тиіс. Оқушылардың жан-жақты дамуы барлық тәрбие технологияларының және балалармен жұмыс жүргізу әдістемелерінің баланың өзіндік іске асыру шарттарын құру жағдайында ғана болуы мүмкін. Оқушылардың өзіндік жұмыс жасауы олардың танымдық дәлелдері мен танымдық қызығушылықтарын, жалпы оқулық тәсілдерін, әдеттер және шығармашылық қабілеттерін, қажетті ақпаратты таба білу, өз бетінше білім алумен айналысуына мүмкіндік жасайды.

2. Оқушылардың жан-жақты дамуы оқушының ашық ақпарат әлеміне азаматтық қасиетін көрсете кіруінің ғылыми дүниетанымын қалыптастыруды болжайды.

3. Оқушыларды физиологиялық тұрғыдан дені сау, құлықты және өз Отанының сөз жүзінде ғана емес, іс жүзіндегі патриоты болуға, өз елінің дәстүрлерін, өз халқы мен дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, басқа халықтардың мәдениетін сыйлауға тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

4. Азаматты және адамды қалыптастыруда тәрбие жұмысы жүйесінің оқушылар бойында басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын сыйлауына, өзінің және жанұясының, қоғам алдындағы өз әрекеттері мен жауапкершілік тәрбиесіне мүмкіндік жасау қабілеттілігін есте ұстаған жөн.

Негізгі мемлекеттік құжаттарда белгіленген мақсаттардан өзге тәрбиелеуде білім берудің аймақтық бағдарламасымен анықталған мақсаттар да маңызды орын алады. Олар аймақтардың өзіндік ұлттық мәдениетінің, дәстүрлерінің, әдет-ғұрыптарының сақталуына, баланың рухани және құлықтылық дамуына мүмкіндік беретін тіл ерекшелігіне ынтасын суреттейді. Баланы рухани тәрбиелеуде отбасы маңызды орын алады. Білім беру саласындағы аймақтық саясат ата-аналар мен балаларда өзіндік бағалауын сақтау үшін жанұялық тәрбиелеудің маңызды түсінігін қалыптастырудың шарттарын құруды қарастырады.

Тәрбиелеудің аймақтық мақсаттары нақты мектептердегі тәрбиелеу мақсаттарымен тығыз байланысты. Мектептегі тәрбие жұмысының жүйесі бұл тек қана оқушылардың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары ғана емес, сондай-ақ оқу мекемесі дамуының кешенді бағдарламасын құруда қолданылатын тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері мен құралдары.

Мектеп оқушыларын тәрбиелеудің кешенді бағдарламасын құрған кезде мынадай маңызды мақсатты бағдарлардың қажеттілігін ескерген жөн:

- ✓ Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарамастан, балалардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін және олардың сапалы өзгеруіне септігін тигізетін балалармен жұмыс түрлерін қолдана отырып, белсенді шығармашылық жұмыстарын жүргізу;

- ✓ Шарттар құру және балалармен жұмыс жүргізудің оқушылардың өзіндік дамуына және мұғалімнің жанама әсерінсіз өзіндік жетілуіне, өз бетінше білім алу мәдениетінің қалыптасуына бағытталған түрлерін қолдану;
- ✓ Оқушылардың және олардың ата-аналарының құлықтылық мәдениетін, балалар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынас этикасын, ересектер мен жастардың, тұлғаның жігерлі сапаларын қалыптастыру;
- ✓ Оқушыларды табиғатты және өз елінің тарихын, өзіндік тұрмысының, адам мен табиғаттың тұлғалық қайталанбастығын, адамдардың бір-бірімен өзара қарым-қатынастарын сақтауға баулу;
- ✓ Адам өміріндегі еңбектің маңызы және өзі мен басқа адам игілігі үшін жасалған олардың нәтижелері, еңбектік қатысу және еңбек қызметінің мәдениеті, шаруашылықтың мәдениеті түсінігін дамыту.

Мектеп оқушыларының тәрбие бағдарламасында мектеп оқушыларын тәрбиелеудің жоспарланған нәтижелерін ескермеу мүмкін емес. Олар оқушыларды тәрбиелеудің мектептік және сыныптық кешенді бағдарламасын құруда көмектесетін әрбір мектептегі бітірушінің тұлғалық моделінің болуын, оқушылардың тәрбиелілігінің белгілерін болжайды. Оқушыларды тәрбиелеудің бағдарламасын және мектеп бітірушінің моделін қалыптастырып құруда мектеп тәрбие жұмысын басқарушылар «Жаңа мыңжылдыққа» атты ЮНЕСКО баяндамасында берілген кепілдемелерді қолдануы мүмкін. Кепілдемелерде мектептің оқушылары – бітіруші түлектерді:

- ✓ оқуға үйрету;
- ✓ өмір сүруге үйрету;
- ✓ бірге өмір сүруге үйрету;
- ✓ жұмыс істеуді және табыс табуды үйрету арқылы тәрбиелеу ұсынылған.

Оқуға үйрету – демек, баланы әр түрлі ақпараттар легінде сауатты бағдарлауға және қажетті ақпаратты өз бетімен табуға үйрету, балада өзіндік қалыптасуы үшін білімін жалғастыру және оның маңызы мен қажеттілігі түсінігі ұғымына талабын қалыптастыру, өзіндік даму мен өзіндік қалыптасуда ғылыми-техникалық прогрессті қолдану.

Өмір сүруге үйрету – демек, баланың бойында салауатты өмір салты дағдыларын, қоғамға бейімделу мүмкіндері мен қастық пен зорлыққа қарсы тұруын қалыптастыру. Мұндай бітіруші өзін-өзі қорғай алады, кемел ойлы, жоғары өнегелілік сапаларына ие. Ол тұлғалылық және әлеуметтік толысу, жанұясындағы және қоғамдағы өмірге дайындығын, қандай жағдайда болмасын жауапкершілікті өз мойнына алу қабілетін танытады.

Бірге өмір сүруге үйрету – демек, болашақ ересек тұлға бойында өзге адам үшін күйзелу, шыдамдылық, пікірді басқа көзқарас тұрғысынан түсініп қабылдау қабілеті, демократиялық және адамгершілік сынды мінез қасиеттерін қалыптастырады. Бұл тұста тек қана сөз жүзінде емес, іс жүзінде де өз елі мен өз халқының азаматы болған, өз елі мен өз халқын, оның жетістіктері мен мәдениетін барлық жерде өз дәрежесіне лайықты танытып жүрген азаматтың ғана әлем азаматы бола алатындығын ескерген жөн.

Жұмыс істеуді және табыс табуды үйрету – демек, болашақ бітіруші бойында еңбекке деген талабын және жұмыс істеу әдеттерін дамыту, табысты болу және бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Болашақ бітіруші мамандық таңдап қана қоймай, өзінің алға қойған мақсаттарына жетудегі іскерлігі мен ынтасын танытуы, кәсіби қалыптасу жолында кездесетін түрлі қиындықтарды жеңе білуі тиіс.

Жоғарыда аталған тәрбиелеудің мақсаттарын қорытындылайтын болсақ, мектеп тәрбие жұмысын басқарушы және ұйымдастырушы тұлғалар мектептегі тәрбие жүйесін тиімді құруға көмектесетін тәрбиелеудің мынадай негізгі міндеттерін анықтауы тиіс:

- ✓ мектеп өзін-өзі басқаруын белсенді қалыптастыру, мектептегі және сыныптағы оқушылардың немқұрайды қарамайтын көшбасшылығын танытуға бағытталған шарттар құру;
- ✓ оқушылар тәрбиелілігінің белгілері және олардың көріну мүмкіндіктерін;
- ✓ тәрбие үрдісін ұйымдастырудың жаңа әдістерін қалыптастыру және тәрбие үрдісіне тәрбие жұмысының жаңа технологияларын енгізу;
- ✓ мектеп тәрбие жүйесіне жанұясының белсенді қатысуының шарттарын құру;
- ✓ мектеп оқушыларының әлеумет өміріне және қоғамдық ұйымдарға белсенді араласуын қадағалау;
- ✓ барлық сыныптан тыс іс-шараларды жоғары эстетикалық, этикалық және мәдени деңгейде өткізу;
- ✓ мектептегі сыныптан тыс жұмыстың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құру;
- ✓ мектептегі тәрбие жұмысын құру үшін ата-аналар, оқушылар, әріптестер арасынан пікірлес ұжым қалыптастыру;
- ✓ тәрбие үдерісіне қатысушының әдістемелік және кәсіби мәдениетін арттыру;
- ✓ мектеп тәрбие жүйесі нәтижесін сараптап бағалау мен болжау элементтерін қолдану.

Тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерін жасауда қазіргі қоғам балаларының даму ерекшеліктерін де ескергені жөн. Әрине, бүгінгі таңдағы балалар өткен мыңжылдықтағы балалардан ерекшеленеді.

1. Бүгінгі таңдағы балалар білімнің түрлі саласынан хабардар. Егер 15-20 жыл бұрын мектеп оқушылары белгілі бір ақпараттарға тапшы болса, ал қазіргі оқушылар жанама және психикалық, сондай-ақ физиологиялық тұрғыдан әсер ететін ақпараттарға тоғышарлық танытуда. Балалар қолданып жүрген ақпараттар ешқандай да жас ерекшелігін ескермейді, жүйесіз, өнегесіз және үйлесімсіз. Бұл оқушыларда қорқыныштың, сенімсіздіктің, алаңдаушылық, алынған ақпараттардың дұрыстығына көңіл бөлмейтіндігін танытудың пайда болуына әсер етеді.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарының, мерзімді баспасөз, көркем және арнайы әдебиеттердің, әлеуеттің арқасында бүгінгі таңдағы оқушылар бойында әлемге өзіндік «Менін» жариялауға деген ықыласы туады.

3. Жасөспірімдер ешқашан ересектердің сөздері мен іс-әрекетіне сенімсіздік, шыдамдылық таныта бермейді, олар тіпті өздерінің жақындарына да еліктей бермейді. Ересектер оқушыларға шыдамдылық танытуға және оқушылардың ересектерге толыққанды сенімсіздік танытатынына психологиялық жағынан да дайын болуға тиіс.

4. Бүгінгі таңдағы оқушылардың физиологиялық денсаулығы экология мәселелерімен, ауқымды аймақтардың радиоактивті ластану мәселелерімен, мектеп жүктеген көп міндеттер, жанұя және оқу орнындағы психологиялық жоспар мәселелерімен тығыз байланысты.

5. Балалар бір балалы жанұяда өседі, ата-аналар өздерінің кәсіптік қызметімен айналысады, мансап қууға еліктейді, балалар сыныпта аз қарым-қатынас жасайды, сабақты ұйымдастыру түрлері жиі бірлестіре бермей, керісінше, балаларды бөліп қояды, ауладағы қозғалмалы ойындарды тығыз қарым-қатынасты компьютерлік ойындар, теледидар алмастырды.

6. Жоғарыда аталған қазіргі таңдағы жасөспірімдер бойындағы белгілер мұғалімдер тарапынан қатаң қадағалау мен бақылауды талап етеді. Бұл педагогтік ұжымға ересектер келеңсіздігін жеңуге қабілетті тәрбиелеудің рационалді моделін табуға көмектесетін мектеп тәрбие жүйесін құруға мүмкіндік береді. Қазіргі жас түлек төмендегі қасиеттерге ие болуы үшін талаптану керек:

- ✓ таңдауда және шешім қабылдауда өзіндік қасиет таныту;
- ✓ шешіміне, іс-әрекетіне және қылықтарына жауапкершілік;
- ✓ жақын адамдарына, өзін қоршаған ортаға шыдамдылық қабілеті;
- ✓ ойда болмаған және стандартқа сай келмеген жағдайларда әрекет етуге дайындық;
- ✓ орнықты білімдер алу дәлелділігі;
- ✓ өнегелі қадамдар жасау қабілеттілігі және ең қиын жағдайда өзінің адамгершілік сезімін сақтап қалу;
- ✓ жоғары және болашақ кәсіби қызметінен хабардар болу;
- ✓ өзін өз елінің, сонымен әлемнің азаматы сезіну, ұлт патриоты болу;
- ✓ басқа халықпен, мәдениетпен бірлікте өмір сүру дағдылары;
- ✓ басқа адамдардың пікіріне сыпайылық, қарым-қатынаста шыдамдылық таныту.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Советова Е.В. «Административная работа в школе», Ростов-на-Дону, 2006ж
2. Галкина Т.И. «Справочник современного заместителя директора школы по воспитательной работе», Москва, 2008 ж